



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

рассмотрения сообщений и следственных процедур (например, согласно резолюциям 1235 и 1503 ЭКОСОС ООН). Всеобщая декларация была намеренно принята в форме резолюции Генеральной Ассамблеи, а не как международный договор, который подлежал бы официальной ратификации государствами-членами. Будучи принята Генеральной Ассамблеей в форме резолюции, а не договора, Декларация стала применимой ко всем государствам-членам ООН. Если бы текст Декларации был принят как договор, то его обязательная сила и применимость были бы гораздо более ограниченными.

Значение осуществления ВДПЧ было прямо подчеркнуто в Преамбуле к Конвенции о защите прав человека и основных свобод: подписавшие ее правительства выразили решимость «сделать первые шаги на пути коллективного осуществления некоторых из прав, сформулированных во Всеобщей декларации» [6]. Другой пример прямой ссылки на обязательства, содержащиеся в Декларации, можно найти в документах Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе, прежде всего в Заключительном акте Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе и в других документах.

В целом, принятие Всеобщей декларации и ее содержание явились большим успехом. Декларация представляет собой первый, принятый на международном уровне каталог прав и, таким образом, первое международное определение прав человека. С точки зрения нормативной зрелости формулировок о правах человека можно утверждать, что ВДПЧ – один из лучших документов о правах человека, когда-либо принятых. Всеобщую декларацию прав человека следует считать, прежде всего, документом, который оказал глубокое и всестороннее воздействие на международном и национальном уровне, способствуя поощрению и защите прав человека. Ее вдохновляющая роль еще далеко не исчерпана.

#### **Список использованных источников:**

1. Островский Я.А. ООН и права человека. М., 1968. С. 2.
2. Всеобщая Декларация прав человека от 10 декабря 1948 г. // Сборник международных документов. М.: Норма, 2004. С. 39-44.
3. Карташкин В.А. Всеобщая декларация прав человека и развитие международного права (к 60-ой годовщине принятия) // Международное право - InternationalLaw. 2008. № 1(33). С. 81-87.
4. Капустин А.Я. Всеобщая декларация прав человека ООН: международно-правовая природа обязательств // Актуальные проблемы современного международного права. М.: Изд-во РУДН, 2009. С. 12-24.
5. Каламкарян Р.А. Всеобщей декларации прав человека - 60 лет // Актуальные проблемы современного международного права. М. Изд-во РУДН, 2009. С. 24-40.
6. Конвенция о защите прав человека и основных свобод от 4 ноября 1950 г. // СЗ РФ. 08.01.2001. № 2. Ст. 163.

УДК 341.1/8

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ИНТЕРТЕМПОРАЛЬДЫҚ ПРИНЦИПІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ**

**Пернебек Гүлнұр Русланқызы**

*[Gunek04@mail.ru](mailto:Gunek04@mail.ru)*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің  
«5В030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші - з.ғ.м., аға оқытушы Ақылов Д.О.

Мемлекеттердің халықаралық-құқықтық жауапкершілігі саласындағы  
интертемпоральдық құқықтың жалпы принципі мына ережеден көрініс табады: егер қандай

да бір міндеттеме мемлекетті сол мемлекет қандай да бір іс-әрекет жасау уақытында байланыстырмаса, онда мемлекеттің іс-әрекеттері халықаралық –құқықтық міндеттемені бұзу болып табылмайды. Басқаша айтқанда, халықаралық жауапкершілік туындау үшін құқықбұзушылық тек мемлекет міндеттемемен байланысты болған уақытта ғана орын алу керек, яғни мемлекет аталмыш құқыққа қайшы әрекеттерді жасау барысында оған қатысты міндеттеменің заңдық күші болу керек [1]. Интертемпоральдық принцип Біріккен Ұлттар Ұйымы 2001 жылы қабылдаған «Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкершілігі» туралы баптар жобасының 13-бабынан көрініс табады.

Бұл принцип әртүрлі халықаралық соттардың тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Адам құқықтары бойынша Еуропалық соттың тәжірибесінде интертемпоральдық принципі көбірек кездеседі. Себебі, Еуропалық сот құқыққа қайшы әрекет орын алған мезетте адам құқықтары туралы еуропалық конвенцияның талап қойылған мемлекетке қатысты заңдық күші болмағандығын ескере отырып, біршама арыз-талаптарды қараудан бас тартқан болатын [2]. Интертемпоральдық принципін тек Еуропалық сот қана емес, сондай-ақ арбитраждық тәжірибеде де кездестіруге болады, мысал ретінде КСРО мен АҚШ арасындағы мүліктерді тәркілеу туралы істі келтірсе болады [3]. Сонымен қатар Гаагадағы арбитраждық сот Пальма аралдары туралы Америка мен Нидерланды арасындағы территориялық дауды шешу барысында осы принципті басшылыққа алған еді. Судья Губер «Құқықтық факт қандай да бір даулы мәселе туындаған кезде немесе тараптар халықаралық соттарға жүтінген кезде емес, керісінше, құқыққа қайшы әрекет жасалған уақыттағы мемлекетте заңды күші болған халықаралық шарттардың көмегімен қарастырылуы керек» деп пікірін білдірген еді [4]. Халықаралық сот мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері туралы Италия мен Германия арасындағы істі қарастырғанда баптар жобасының 13-бабына сілтеме жасады, яғни, «қандай да бір құқыққа қайшы әрекетті анықтау үшін мемлекет осындай құқықбұзушылық жасаған уақытта аталмыш мемлекетте заңдық күші болған құқықтық актілерге немесе халықаралық шарттарға сілтеме жасалу қажет» деген тұжырымдама айтылған болатын [5]. Келесі бір сот ісі ағылшын-американдық құл саудасына қатысты халықаралық сотта қаралған мәселе. Бұл істе Англия үкіметі құл саудасымен айналысатын американдық кемелерге шабуыл жасап, ол кемелерді жаулап алып, американдық азаматтарға тиесілі құлдарға азаттық беріп, оларды бастаып жіберген болатын. Бұл іс бойынша арнайы ағылшын-американдық комиссия құрылған еді, комиссия өз жұмысын әртүрлі уақыт аралығында бірнеше жылдар бойы жүргізген. Бұндағы интертемпоральдық принципіне қатысты басты мәселе- осы инцидент орын алған уақытта құл саудасы халықаралық құқықтың нормаларына қайшы келді ме әлде жоқ па деген сұрақ. Құл саудасын халықаралық құқық заңды деп таныған кездегі, яғни құқықтың ешқандай нормаларына қайшы келмейтін кезде орын алған инциденттерді сот тек қана Ұлыбританияның үкіметінің шетел азаматтарының жеке мүлкіне қол сұғушылық ретінде қарастырды. Ал кейбір кеме шабуылдары халықаралық құқық және мәдениетті ұлттар құл саудасын және құл иеленушілікке тиым салғаннан кейін орын алған еді, комиссия осыған қатысты Ұлыбританияны ақтап шықты, яғни американдықтардың алдында ешқандай жауапкершілікте болған жоқ [6]. Халықаралық құқық доктринасы да мемлекеттердің құқыққа қайшы әрекеттерін сол әрекеттерді жасау сәтінде заңдық күші болған міндеттемелер негізінде анықтайды [7]. Интертемпоральдық принципінің жүзеге асырылуы мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігіне қатысты мәселелердегі заңның кері күшінің болмауын қамтамасыз етуге көмектеседі [8].

Интертемпоральдық принципі халықаралық құқықтың жаңа императивтік нормасы пайда болған кезде де қолданыла береді. 1969 жылғы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 71-бабының 26-тармақшасына сәйкес, жаңа императивтік нормаға қайшы келетін шарттың тоқтатылуы «тараптардың шартты шарт тоқтатылғанға дейін орындау нәтижесінде пайда болған құқықтар мен міндеттемелеріне әсер етпейді».

Интертемпоральдық принципінің келесі нысаны ретінде қандай да бір халықаралық шарт заңдық күшінде болған кешде оның нормасына қатысты орын алған

құқықбұзушылыққа қандай да бір себептермен күшін жойған халықаралық шарттың заңдық күшінің таралуын қарастырса болады [9]. Халықаралық соттың Солтүстік Камерунға қатысты шығарған шешімінде: «Қамқорлық туралы келісімнің әрекет ету мерзімінде қамқоршы мемлекет Қамқорлық туралы келісімнің нормаларын бұзатын қандай да бір іс-әрекеттері үшін жауапкершілікте болса, және осындай құқыққа қайшы әрекет нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа мүшесіне немесе осындай мүше мемлекеттердің азаматтарына кез-келген зиян келтірілген болса, онда қамқорлық тоқтатылғаннан кейін де келтірілген шығынды өтеу туралы талаптар сотта қарала береді» деп көрсетілген болатын [10]. Сондай-ақ, келесі бір мысал- «Рейнбоу Уорриор» ісі, яғни осы іс Женевадағы арбитраждық сотта қарастырылды және сот уақыт өте келе Францияның шарттық міндеттемесі тоқтатылғанымен, Францияның бұдан бұрын орын алған құқықбұзушылығына қатысты жауапкершілігі сақталады деген қорытындыға келген еді [11]. Интертемпоральдық принципінің жоғарыда аталған екі нысаны да халықаралық соттың Науру жеріндегі кейбір фосфатты кен орындары туралы ісінде айқын көрініс табады. Науру жерін 1947-1968 жылдар аралығында Австралия, Жаңа Зеландия және Ұлыбритания бірлесіп басқарған болатын, ал Науру мемлекеті тек 1989 жылы ғана Австралия Наурудағы фосфатты кен орындарын игеру нәтижесінде елімізге экологиялық зиян келтірді деп халықаралық сотқа шағымданды. Бұл істе Австралия Наурудың 20 жыл өткеннен кейін ғана сотқа шағымдануы дұрыс емес деп пікірін білдірді. Ал халықаралық сот Австралияның тұжырымдамасына қарсы шықты, себебі Науру мемлекеті өз тәуелсіздігін алғаннан кейін оған қатысты Қамқорлық туралы келісімнің заңды күші жойылды, ал Науру мемлекетінің талабы өз кезегінде осы Қамқорлық туралы келісімнің нормаларына негізделген болатын. Алайда, халықаралық сот Науру мемлекетінің талабын қанағаттандырып, сот ісін қарауға келісім берді. Австралияның жауапкершілігі белгілі бір уақыт аралығында заңдық күші болған халықаралық шарттардың, бұл істе қамқорлық туралы келісімнің нормаларының негізінде туындаған болатын, алайда интертемпоральдық принципі бойынша, қамқорлық туралы келісім өзінің заңдық күшін жойғанына қарамастан оның нормаларына қатысты орын алған құқықбұзушылықтар үшін Австралия жауапкершілікте болады [12].

Бәрімізге белгілі болғандай, мемлекеттердің құқықбұзушылығы мемлекетке қатысты заңдық күші бар міндеттеменің болуымен анықталады, сонымен қатыр осындай құқыққа қайшы әрекеттердің мақсаты мен объектісі және қажетті жағдайлардың болуын ескере отырып айқындалады. Мемлекеттердің жауапкершілігіне қатысты шешім қабылдайтын кезде мемлекетке заңдық күші таралатын міндеттемелердің қабылдануына түрткі болған жағдайлар мен шарттар ескеріледі. Интертемпоральдық принципін жүзеге асыру барысында міндеттемелердің мазмұны өзгеріссіз қалады деген тұжырымдаманы қарастыру дұрыс емес. Дәлірек айтқанда, интертемпоральдық принципін қолдану кезінде мемлекеттерде заңдық күші болған халықаралық шарттардың нормаларын «белгілі бір уақыт аралығында қатып қалғандай» түсіндіру немесе қолдану дұрыс емес. Бұл принцип халықаралық құқықтың тек жауапкершілік саласында ғана емес, сондай-ақ басқа салаларындағыдай эволюциялық түсіндіру мүмкіншілігінің болуын қарастырады, яғни уақыт өте келе іс жүзіндегі және заңдық шарттардың өзгеруін ескере отырып түсіндіру [13]. Бұған кейбір ғалымдар мемлекеттердің адам құқықтары саласындағы жауапкершілігіне қатысты мәселелерді дәлел ретінде келтіреді. «Халықаралық құқықтың интертемпоральдық принципі оның жалпылама мағынасында адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді түсіндіру кезінде қолданылмайды» деген тұжырымдамалар айтылып жатады. Судья Танаки Оңтүстік-Батыс Африканың мандаттық міндеттемелері туралы ісінде «мандатқа қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін анықтау үшін сот мандаттық жүйе мен механизмдер жасалып жатқан уақытты қарастыру қажет және сол мандаттық жүйе қалыптасып жатқан мезеттегі жағдайды, тараптардың мақсаттары мен мүдделерін ескеру қажет» деген ой-пікірін айтқан болатын [14]. Осыған қарамастан, эволюция түсіндірудің мемлекет құқыққа қайшы әрекет жасау уақытында мемлекетте заңдық күші болған шарттардың негізіндегі ғана

міндеттемелері үшін жауапкершілікте болатындығын көрсететін принципке еш қатысы жоқ екендігін ескеруіміз қажет.

Интертемпоральдық принцип қандай да бір кез-келген халықаралық шарттар негізіндегі міндеттемелер заңдық күшіне енгенге дейінгі орын алған құқықбұзушылыққа қатысты фактілерді елемеуге немесе назарға алмауға болады дегенді білдірмейді. Бұған дәлел ретінде мемлекеттердің айыпталушы тұлғалардың дәлелсіз ұстау негізінде сотталмауына құқығын қамтамасыз ету туралы міндеттемесін қарастырса болады. Дәлелсіз ұстау негізінде сотталмау құқығы азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабаның 3 (с) тармақшасында көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген міндеттеме қандай да бір мемлекетке қатысты заңдық күшіне енген сәтте айыпталушы тұлғалар қамауға алынып, ұзақ уақыт бойына сот талқылануын күтіп отырған болса, онда құқықбұзушылық немесе құқыққа қайшы әрекет орын алды ма әлде жоқ па деген сұрақты шешу барысында осы факті де міндетті түрде ескерілуі қажет. Алайда бір айта кететін жайт- осы міндеттеме заңдық күшіне енгенге дейінгі уақыт аралығына қатысты қандай да бір шығындарды өтелмейді [15].

Жоғары айтылғандарды қорытындылай келе, интертемпоральдық принципі мемлекеттердің халықаралық құқықтық жауапкершілігін анықтауда үлкен рөл атқаратындығын байқауға болады. Аталмыш принцип құқыққа қайшы әрекеттер мен осындай әрекеттер жасалған мезет пен мемлекет үшін заңдық күші бар халықаралық міндеттемелердің арақатынасын анықтап көрсетеді. Интертемпоральдық принципі негізінде мемлекетті қандай да бір мәселе бойынша жауапты деп тану үшін сол мемлекетте құқыққа қайшы әрекет жасалған мезеттегі заңдық күші таралатын міндеттемелердің немесе өзге де халықаралық шарттардың болуы қажет екендігін және тіпті осы принцип бойынша заңды күшін жойған халықаралық шарттардың негізінде де мемлекеттердің жауапкершілігін айқындау мүмкіндігі жатыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кешнер М. В. Право международной ответственности. – М. Проспект, 2017, параграф 2.4.1
2. Shrensen M. Le probleme intertemporel dans l'application de la Convention europeenne de l'homme//Mylanges offerts a Polis Modinos. Paris, 1968.
3. Обмен заявлениями между США и СССР по вопросу о передаче на арбитражное рассмотрение некоторых споров, касающихся ареста американских судов//RIAA. Vol. IX. 1900. P. 57.
4. Ежегодник комиссии международного права 1990, том 2, часть 2, стр 20
5. Кешнер М. В. Право международной ответственности. – М. Проспект, 2017, параграф 2.4.1
6. Moore International arbitrations 6 vol. IV, p.4349
7. Higgins R. Time and the Law//ICLQ. 1997. No. 2. P. 501.
8. Кешнер М. В. Право международной ответственности. – М. Проспект, 2017, параграф 2.4.1
9. Лукашук И. Право международной ответственности. – М. Волтерс Клувер, 2004, стр. 80
10. Дело о Северном Камеруне Краткое изложение решения и постановлений международного суда 1948-1991, стр 81
11. RIAA. Vol. XX. 1990. P. 265-266.
12. Ежегодник комиссии международного права 1990, том 2, часть 2, стр 20
13. Лукашук И. Право международной ответственности. – М. Волтерс Клувер, 2004, стр. 80
14. Ежегодник комиссии международного права 1990, том 2, часть 2, стр 21
15. Pauwelyn, "The concept of a 'continuing violation' of an international obligation: selected problems", pp. 443–445.